

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## «Орманның оянуы». Жолтай Әлмашұлы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.06.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58829/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Курманалина Бибатпа Канаткереевна

**Мақсаты:** Жолтай Әлмашевтің «Орманның оянуы» әңгімесін түсініп оқуға, әңгіменің негізгі ойын табуға үйрету; тілін , дұрыс сөйлеу қабілетін, ой өрісін дамыту; достықты құрметтеуге, ынтымақшылдыққа, сыйластыққа тәрбиелеу, адамгершілікке баулу.

**Сабақтың түрі :** аралас

**Көрнекілігі:** оқулық, сурет.

**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, іздену, әңгімелеу, өзіндік.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:** Сабаққа әзірлік.

Қуанамын мен де

Қуанасың сен де

Қуанайық, достарым

Арайлапатқанкүнге

**II. Ұйтапсырмасын сұрау: 1.** Илияс Жансүгіровтің «Көкшетау» атты өлеңінен үзінді жаттау.

**III. Ұйтапсырмасын пысықтау:** Ақын тау сөзіне қатысты қандай бейнелі сөздер қолданған? Үш сөйлем жазу. Соны оқимыз.

Автор туралы сызбамен жұмыс. I. Жансүгіров туралы сызба

**IV. Мақсат қою кезеңі.** 1. Сабақтың мақсатын, тақырыбын хабарлау. 2. Жаңа сабаққа

даярлық.

Қызығушылықты ояту

Орман суретімен жұмыс

-Суретте не бейнеленген?

-Табиғаттың тамаша көрінісі арқылы сенде қандай көңіл-күй туды?

-Қандай орман жануарларын білеміз?

-Орман өсімдіктерін еске түсірейік.

-Олардыңпайдасытуралыне білесің?

**Ү. Жаңасабақ.** 1.Ақын өмір баяны.

### **ЖолтайӘлмашұлы**

ЖолтайӘлмашұлы 1957  
жылы14ақпандақазіргіҚызылордаоблысыЖаңақорғанауданындағыҚырашауылындадүни  
егекелген. 1974-1979 жылдарыәл-ФарабиатындағыҚазақмемлекеттікуниверситетінің  
журналистика факультетіндеоқыды. 1979-1989  
жылдарыҚызылордаоблысындагазеттерде, комсомол жұмысындаболды. 1989-1991  
жылдары Алматы жоғары партия мектебіндеоқыды. 1991  
жылданбастапҚазақстанКомпартиясыОрталықкомитетініңаппаратында, Президент пен  
Үкіметтапараттарында референт, консультант, сектор меңгерушісі,  
бөліммеңгерушісініңорынбасарысекілдіқыметтератқарыпкелді. Бүгінде Республика  
Үкіметіүкіметтікбасылымдарының Бас редакторы. «Балдырған»  
журналыныңжабықбәйгесініңбірнешедүркінжеңімпазы.

2.Жолтай Әлмашевтің «**Орманның оянуы**» әңгімесін түсініп оқу;

### **Сөздік жұмысы**

#### **Топтық жұмыс.**

Әр топ берілген бөлім бойынша талдау

*Сұрақ-жауап:*1. «Орманның оянуы»дегенді қалай түсінесің?

Әңгімеден көңіліңе қандай ой түйдің?

Осы әңгімеге ұқсайтын қандай шығарманы оқыдың? Бердібек Соқпақбаевтің  
«Ағаштар неге ашуланады?»деген әңгімесі осы оқыған әңгімеге ұқсай ма?

Алмабек не үшін ағаштардан таяқ жеген еді,ал осы әңгімедегі оқиғада ағаштар неге

ашуланады?

Екі әңгімені салыстыра отырып ,төмендегідей кестеге ормандағы кенеттен болған өзгерістерді жаз.

Бердібек Соқпақбаев

«Ағаштар неге ашуланады?»

Жолтай Әлмашұлы.

«Орманның оянуы»

Әр топ **Венн диаграммасын** толтырады

**«Ойлан.Жұптас.Бөліс»**

**1-топ Әңгіме мазмұнына өлең құрастыру**

**2-топ Адамзатқа орман тұрғындары атынан хат жазу**

**3-топ Орманда өзін-өзі ұстау ережесін құрастыру**

**ҮІ. Ойлан,тап**

Сөздерді ағылшын,орыс тіліне аудару

1.Ағаш

2.Орман

3.Гүл

4.Құс

5.Су

**Логикалық тапсырмалар.**

1.

Ағаш – бұл адам қолданатын табиғи ресурс. Ағашты адамдар не үшін қолданады? Оқушылар өз ойларын ортаға салып мысал келтіреді.

2.Кестемен жұмыс

**Сергіту сәті:**

Бір, екі. Үш,

Бойға жинап күш

Азамат бол білімді

Қанат жайып ұш!

### «Келісемін+, келіспеймін -

1. Екі дос қора салу үшін орманнан ағаштар кесіп алып келмекші болды +

2. Екі дос орман шетінен ағашты кесіп алып қайтты -

3. Олар емен ағашын қырқуға кірісті-

4. Екі дос екі ағашқа балта ұра бастаған соң орман ішінде жел көтерілді+

5. Жазықта да жел тұр еді-

6. Орман да тіршілік иесі+

### Орман туралы 7 дерек

«Сіз білесіз бе?» қосымша мәлімет

**ҮІІ Қорыту.** Бүгін қандай тақырып өттік? Не білдік?

Үйге тапсырма: мазмұндау. «Орман-халық байлығы» эссе жазу

Бағалау. Жапырақ түсі бойынша бағалау

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.